

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЦИФРЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Абильдина С.К.¹, *Копбалина К.Б.², Южел Гелишли³

¹п.ғ.д., профессор, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
Қарағанды, Қазақстан

e-mail: salta-7069@mail.ru

*²магистр, оқытушы, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
Қарағанды, Қазақстан

e-mail: kamshat_77_77@mail.ru

³PhD, профессор, Гази университеті, Анкара, Түркия

e-mail: ygelisli@gmail.com

Аңдатпа. Мақалада зерттелген мәселенің өзектілігі білім беру жүйесіне цифрландырудың әсеріне байланысты анықталған. Кішкентай мектеп жасындағы оқушылардың цифрлық сауаттылығын қалыптастырудың маңыздылығы мен қажеттілігі даусыз, өйткені бұл заман талабы болып табылады, сонымен қатар бұл қазіргі заманауи білім беру ортасында табысты оқытуға мүмкіндік беретін, тұлғаның цифрлық қоғамда әлеуметтенуінің маңызды факторы. Авторлар цифрлық білім беру ортасында бастауыш сынып оқушыларының цифрлық сауаттылығын қалыптастырудың маңыздылығын ашып көрсетеді. Қазақстандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулерін талдау негізінде «Цифрлық сауаттылық», «цифрлық білім беру ортасы» ұғымдарының мәні ашылады. Цифрлық білім беру ортасын, қауіпсіздікті, цифрлық технологияларды қолданудың нысаналы мақсатын және басқа салаларды пайдалану кезінде білім алушылардың дербестік дәрежесін анықтау мақсатында бастауыш сынып оқушыларының, мұғалімдердің сауалнамасының нәтижелері талданған. Цифрлық сауаттылық құрылымындағы негізгі дағдылар: ақпаратты түсіну және пайдалану дағдылары, ақпаратты бағалау дағдылары, цифрлық көздерді жүйелеу, цифрлық навигация, ақпаратты құру дағдылары, цифрлық қауіпсіздік дағдылары ашылып көрсетіледі. Цифрлық білім беру ортасының құрамдас бөлігі ретінде авторлар цифрлық технологиялар, цифрлық білім беру ресурстары, қарым-қатынас, педагогикалық технологияларды анықтайды. Бастауыш сынып оқушыларының цифрлық сауаттылығын қалыптастыруда білім беру ортасының мүмкіндіктері анықталды: семантикалық (цифрлық технологияларды қолдану мақсатын, қауіпсіздік нормаларын түсіну); пәндік-материалдық (цифрлық орта жағдайларын қамтамасыз ету), әлеуметтік (қоғамдастықтар, қарым-қатынас); технологиялық (цифрлық технологиялар мен ресурстардың көмегімен бастауыш сынып оқушыларының цифрлық сауаттылығын қалыптастыру әдістері). Мақалада ғылыми әдістерді пайдалана отырып цифрлық сауаттылықты қалыптастыру саласындағы дереккөздерге шолу жасалып, сауалнама, зерттеу нәтижелеріне талдаулар мен тұжырымдар жасалады.

Тірек сөздер: цифрландыру, бастауыш сынып оқушылары, білім ортасы, цифрлық сауаттылық, ақпараттық-компьютерлік сауаттылық, цифрлық білім беру ортасы, цифрлық технологиялар, цифрлық білім беру ресурстары

Негізгі ережелер

Өзгермелі әлемнің талаптарына сай оқытуда мұғалімдердің алдында, оның ішінде бастауыш білім беруде жаңа әдістерді енгізу, оқушыны қызықтыру, жаңартылған білім мазмұнына сай оқыту мен оқу үдерісінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін түрлі жаңашыл әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалана отырып, алған білімдерін өмірде қолдана білуге, сыни көзқарасы қалыптасқан, сауатты, бәсекеге қабілетті білім алуға талпынған тұлға қалыптастыру басты мақсатымызға айналып отыр.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуына байланысты, заманауи ақпараттық қоғамның талаптарына сай білім беру процесі де цифрландыру жағдайында өзгеріп келеді. Білім беру жүйесіне ықпал ете отырып, цифрландыру үдерісі оқушылардың бойында олардың ақпараттық қоғамда өмір сүруге дайын болуына, осы қоғамда өз орнын табуына бағытталған құзыреттері мен дағдыларының қалыптасуы тұрғысындағы оқытудың белгілі бір нәтижелерінің болуын қажет етеді.

Кіріспе

Цифрландыру дәуірінде Интернет желісін пайдалану, мобильдік байланыс құралдарын, электрондық құрылғылар мен мобильдік қосымшаларды қолдану оқушылар үшін бастауыш мектептен бастап-ақ қажеттілікке айналып отыр және бұл нормативтік құжаттарда қажетті талап ретінде қарастырылып отыр.

Қазіргі балалардың компьютерлік сауаттылық негіздерін құлшыныспен меңгеретіні туралы қазақстандық зерттеушілер А.Бактыбекованың, М.С.Муканованың және Ш.Т.Ержанованың пікірлерімен келісеміз. Олар киберкеңістіктерде өздерін өте еркін сезінеді, жаңа технологиялар мен мүмкіндіктер туралы олар пайда болған сәттен бастап біліп отырады [1].

Заман талаптарына және мектеп оқушыларының қазіргі буынының ерекшеліктеріне байланысты Қазақстан Республикасының бастауыш жалпы білім беру мемлекеттік стандартынан туындайтын басты талаптардың бірі – бастауыш мектепте ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, оқушылардың цифрлық сауаттылық бейімділіктерін, сондай-ақ әлеуметтегі қауіпсіз мінез-құлық бейімділіктерін алуы [2].

Кішкентай мектеп жасындағы оқушылардың цифрлық сауаттылығын қалыптастырудың маңыздылығы мен қажеттілігі даусыз, өйткені бұл замана талабы болып табылады, сонымен қатар бұл қазіргі заманауи білім беру ортасында табысты оқытуға мүмкіндік беретін, тұлғаның цифрлық қоғамда әлеуметтенуінің маңызды факторы.

Мақаланың мақсаты – «цифрлық сауаттылық», «цифрлық білім беру ортасы» ұғымдарының мәні ашып көрсету, цифрлық білім беру ортасының цифрлық сауаттылықты қалыптастырудағы мүмкіндіктерін анықтау.

Материалдар мен әдістер

Мақалада келесі ғылыми әдістер пайдаланылды: цифрлық сауаттылықты қалыптастыру саласындағы дереккөздерге шолу жасау, сауалнама, зерттеу нәтижелеріне талдау жасау.

Цифрлық сауаттылық ұғымы отандық және шетелдік педагогикада кеңінен қолданылады.

А. Martin және басқа да авторлардың пікірі бойынша, цифрлық сауаттылық әр нәрседен хабардар болу, цифрлық құралдарды және сәйкестендіруге, қол жеткізуге, басқаруға, кіріктіруге, бағалауға, цифрлық ресурстарды талдау мен синтездеуге, жаңа білімдерді құрастыруға, медиа-хабарламалар жасауға, басқа адамдармен өмірдегі нақты жағдайларда араласуға арналған құралдарды тиісінше, конструктивті әлеуметтік әрекетті қамтамасыз ету және осы процестер бойынша ой өрбіту үшін қолдана білу деп саналады [3].

Зерттеуші О.В.Ельцова да цифрлық сауаттылықты белгілі бір қабілет, атап айтқанда адамның компьютерлік технологиялардың көмегімен іздеп табу, бағалау, пайдалану, контент құрау және оны тарата білу қабілеті деп біледі [4].

Г.У.Солдатова мен оның бірлескен авторларының көзқарастары біршама өзгешерек болып келеді, алайда біз бұл пікірге де қосыламыз. Олардың пікірі бойынша, цифрлық сауаттылық дегеніміз цифрлық технологиялар мен Интернет ресурстарын қауіпсіз және тиімді пайдалануға қажетті білімдер мен бейімділіктердің жиынтығымен анықталады деп санайды [5].

Р.К.Толеубекова және басқа да авторлар «цифрлық сауаттылық» ұғымы ақпараттық қызмет ретінде компьютерді пайдалана білу қабілетінің аясынан әлдеқайда кеңірек деңгейге шықты және технологиялық сауаттылыққа, яғни компьютерлік және ақпараттық-компьютерлік сауаттылыққа байланысты ұғымдармен қатар қарастырылатынын атап өтеді [6].

Х.Тинмаз, Ю.Ли, М.Фаня-Ивановичи сияқты зерттеушілер өз зерттеулерінде цифрлық сауаттылықтың мәнін талдай отырып, цифрлық сауаттылық әралуан техникалық және техникалық емес элементтер жиынтықтарын байланыстыра отырып, көптеген әдістер арқылы сипатталады деп атап өткен [7].

Л.Хейтин цифрлық сауаттылық бейімділіктердің келесі топтарына бөлінеді деп санайды: цифрлық контентті іздеп табу және тұтыну; цифрлық контентті құру; цифрлық контентті жолдау және онымен алмасу [8].

Цифрлық сауаттылық саласындағы қол жеткен зерттеулерді талдай отырып, «цифрлық сауаттылық» ұғымы өте кең таралған ұғым болғанымен, оның мағынасы да әралуан екенін атап өтуге болады. Көптеген дереккөздерде цифрлық сауаттылық білімдердің, бейімділіктердің, дағдылардың жиынтығы деп түсіндіріледі.

Біздің зерттеуіміздің шеңберінде бастауыш сынып оқушыларының цифрлық сауаттылығы олардың оқу қызметін қауіпсіз және тиімді жүзеге асыруына мүмкіндік беретін белгілі бір цифрлық білімдер мен бейіндерді меңгеруі деп түсіндіріледі.

Біздің ойымызша, цифрлық сауаттылықты дамыту тек оқу нәтижелеріне қол жеткізуге жағдай тудыратын ғана емес, сонымен қатар оқушылардың цифрлық дағдылар деңгейін арттыра алатын цифрлық білім ортасының жұмыс

істеуі арқылы қамтамасыз етіледі. «Цифрлық білім ортасы» ұғымының мәнін ашып көрсетейік.

Білім ортасы ұғымының мәнін В.А.Ясвиннің еңбектерінде байқауға болады: әлеуметтік және кеңістіктік-мәндік қоршаған ортадағы тұлғаның қалыптасуына, сонымен қатар оның дамуына тигізілетін әсерлер мен жағдайлардың жүйесі [9].


Автор О.Н.Шилова цифрлық сауаттылық ортасына мынадай анықтама береді – цифрлық технологиялар мен цифрлық білім беру ресурстарының қолданылуымен жанамаланған білім беру қызметіндегі қарым-қатынастар кешені, ол білім беру процесінің субъектілеріне мәдениеттілікті, өзін-өзі іске асыру тәсілдерін меңгеру, әлеуметтік қарым-қатынастар орната білу жөніндегі мүмкіндіктерді жүзеге асыруға мүмкіндік береді [10].

Бүгінгі таңда цифрлық сауаттылық мектептерде компьютерлік техника, Интернет желісі, электрондық журнал, қашықтықтан оқытуды жүзеге асыратын платформа, цифрлық ресурстар және өзге де компоненттердің көмегімен іске асырылады. Осылайша, бастауыш сынып оқушыларының цифрлық білім ортасында цифрлық технологиялар, цифрлық білім беру ресурстары, араласу, педагогикалық технологиялар сияқты компоненттерді атап өтуге болады.

Нәтижелер және талқылау

Оқушылардың цифрлық білім ортасын пайдалану кезіндегі дербестік, қауіпсіздік, цифрлық технологияларды қолдануындағы мақсатты тағайындалымы мен өзге де аспектілерінің дәрежесін анықтау мақсатында біз бастауыш сынып оқушыларының (3-ші сыныптардың 62 оқушысы), сынып жетекшілерінің арасында сауалнама өткізген болатынбыз.


Бастауыш сынып оқушыларымен жүргізілген сауалнама нәтижелері 1 және 2 суретте көрсетілген.



Сурет 1 - Бастауыш сынып оқушыларының цифрлық технологияларды пайдалану мақсаттары

Оқушылардың жауаптарын қорыта келе, сауалнамаға қатысқандардың барлығы цифрлық технологияларды видео көру, көпшілігі ойындар ойнау үшін, араласу және музыка тыңдау үшін қолданатынын атап өтуге болады. Үштен бір бөлігі ғана оқу мақсатында, яғни үй тапсырмаларын орыдауға, сабаққа дайындалуға, ақпараттар іздеуге қолданады. Оқушылардың аз ғана бөлігі цифрлық технологияларды өзіндік білім алуға (тіл үйрену, сурет салуды үйрену және т.с.с.) қолданады екен.

2 суретте көрсетілгендей, оқушылардың көпшілігі Интернетті, гаджеттерді, мобильдік қосымшаларды өз бетімен, ретсіз пайдаланады, ал қалған бөлігі оларды отбасы мүшелерінің көмегімен меңгерген немесе меңгеріп келеді. Гаджеттерге ата-аналардың бақылауы тек бастауыш сынып оқушыларының 12% ғана орнатылған.



Сурет 2 - Цифрлық технологияларды пайдаланудағы дербестік және қауіпсіздік

Тұтас алғанда, бастауыш сынып оқушыларының цифрлық ортадағы қауіпсіздігі мүлдем жоқ немесе өте төмен деңгейде деп атап өтуге болады. Оқушылардың аздаған бөлігі ғана цифрлық сауаттылықтың кейбір дағдыларын меңгерген.

Зерттеушілердің пікірлері мен сауалнамалардың нәтижелеріне жасалған талдаулар бастауыш сынып оқушыларының цифрлық сауаттылығындағы ең негізгі және аса қажетті бейімділіктерді нақтылап алуға мүмкіндік береді, олар:

- Ақпараттарды түсіну және пайдалана білу (цифрлық контентпен жұмыс істеу);
- Цифрлық дереккөздерді бағалау, жүйелеу және ақпараттарды бағалай білу;
- Цифрлық құралдарды пайдалана отырып ақпараттар жасай білу (гаджеттерді цифрлық ортадағы оқу құралы ретінде қолдана білу);
- Коммуникация дағдылары (цифрлық кеңістікте, әлеуметтік желілерде араласу мәдениеті);

– Цифрлық қауіпсіздік дағдылары (цифрлық технологияларды өмірде қауіпсіз қолдана білу).

Бастауыш сынып оқушыларының цифрлық сауаттылығын қалыптастыруға арналған цифрлық білім ортасының мүмкіндіктерін қарастырып көрейік.

Білім ортасының мүмкіндіктері деп біз алға қойылған мақсаттарға қол жеткізуге арналған әлеуеттің болуын қамтамасыз ететін шарттардың, міндеттемелердің жиынтығын қарастыратын боламыз.

Компоненттердің сипаттамаларын кіріктірудің негізінде біз мектептің цифрлық білім ортасы цифрлық сауаттылықты қамтамасыз етуде келесі мүмкіндіктерге ие деген қорытынды жасауға мүмкіндік аламыз.

– мағыналық – цифрлық технологияларды қолданудың мақсатын, оның оқытудағы, өзіндік білім алудағы, өзін-өзі іске асырудағы рөлін, оларды пайдаланудағы қауіпсіздік нормаларын түсіну;

– мәндік-материалдық – оқытудың нақты жағдайлары, цифрлық ортаны мәндік-материалдық тұрғыдан қамтамасыз ету;

– әлеуметтік – оқушылардың мақсат-мүдделерінің ортақтығынан, бірлескен қызметтерден туындайтын қауымдастығы;

– технологиялық – бастауыш сынып оқушыларының цифрлық сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған педагогикалық әдістер, құралдар, нысандар, ақпарат жасаудағы бастама көтерушілік, жауапкершілік, дербестік.

Цифрлық білім ортасының жоғарыда көрсетілген мүмкіндіктері, егер олар сабақ беретін ұстаздың осы пәннің ерекшеліктерін, өз сыныбындағы оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеруімен әзірленген болса еселене түсетінін атап өтуіміз керек.

Біздің ойымызша, мұғалім әзірлеген цифрлық білім ортасы мыналарды қамтиды: сабақтардың тақырыптарына арналған мультимедиялық таныстыруларды қамтитын цифрлық оқу ресурстары, материалдарды бекітуге арналған аудио, видеофайлдар, онлайн ойындар, тақырыптарға арналған бақылау тапсырмалары. Сонымен қатар, цифрлық оқу ортасы оқушылардың бір-бірімен араласуын, кері байланысты, мысалы араласуға арналған чаттарды қамтамасыз етуі тиіс, осы чаттарда оқушылар өзін қызықтыратын сұрақтарды мұғалімге немесе сыныптастарына жолдап, көмек сұрай алады, және т.с.с.

Бастауыш сынып оқушыларының цифрлық сауаттылығының жоғары деңгейде болуы олардың бастамашылдығын, дербестігін, танымпаздығын дамытады, мұғалім қызметінің мүмкіндіктерін кеңейте түседі, өйткені бұл ретте бастауыш сынып оқушылары мен мұғалімнің арасында әріптестік өзара қарым-қатынастар нығаяды. Бастауыш сынып оқушылары үшін цифрлық сауаттылық тек мектеп аясындағы цифрлық кеңістікте ғана емес, сонымен қатар мектептен тыс ортада да барынша тиімді жұмыс нәтижелеріне қол жеткізуді қамтамасыз ететін болады.

Қорытынды

Бастауыш сынып оқушыларының цифрлық сауаттылығы бастауыш сынып мұғалімдері қызметінің аса маңызды міндеттерін білдіреді. Оқыту сапасы, білім беру мүмкіндіктерінің кеңдігі бастауыш сынып оқушыларының цифрлық сауаттылық деңгейіне тікелей байланысты.

Осы жүргізілген зерттеулердің негізінде келесі қорытындылар жасауымызға болады:

- қазіргі бастауыш сынып оқушылары «Z» буынына жатады, Интернетті, гаджеттерді қолдану дағдыларын туылғаннан бастап біледі, бірақ бұл олардың цифрлық білім ортасындағы сауаттылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ете алмайды деген пікірлерде қайшылықтар бар;

Цифрлық сауаттылық ақпаратпен жұмыс істеу, араласу, шығармашылық, цифрлық қауіпсіздік дағдыларын да қамтиды;

- цифрлық сауаттылық оқушыларға цифрлық контенттерді жасауға және олармен алмасуға, араласуға және тиімді тұрғыдағы шығармашылық әлеуеттерді іске асыруды ұйымдастыруға мүмкіндік береді;

- цифрлық сауаттылық цифрлық білім ортасында қалыптасады;

- бастауыш сынып оқушыларының цифрлық сауаттылығын қалыптастыру үшін цифрлық білім ортасының мүмкіншіліктерін пайдалану қажет;

- бұл ретте педагогтар мен ата-аналардың тараптарынан біржүйелілік, кешенділік және цифрлық бейімділіктерді алу, әсіресе ақпараттық қауіпсіздік дағдыларына үйрену үдерісіне деген бақылау қажет етіледі.

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2022-2024 жылдарға арналған ғылыми гранттық қаржыландыру АР14870260 «Білім беруді цифрландыру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту» жобасының аясында орындалды.

ӘДЕБИЕТ

[1] Baktybekkyzy A., Mukanova M.S., Yerzhanova T. Formation of digital literacy of the pupils at a basic school //Current scientific research in the modern world. – 2021. – № 2-5(70). – С. 7-14.

[2] Бастауыш білім берудің мемлекеттік білім беру стандарты. – Кіру режимі: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800017669>. [Қаралған күні: 12.04.2023].

[3] Martin A., Grudziecki J. DigEuLit: Concepts and tools for digital literacy development /Innovation in Teaching and Learning in Information and Computer Sciences. – 2006. – Vol. 5, No. 4. – P. 249–267.

[4] Ельцова О.В. Содержание и уровни развития цифровой грамотности у младших школьников //Современные проблемы науки и образования. – 2020. – №5. – С. 42-49.

[5] Солдатова Г.У. Цифровая грамотность и безопасность в Интернете – М., 2013. – 311 с.

[6] Толеубекова Р.К. Цифровая грамотность в условиях развития цифровых технологий //Наука и мир. – 2021. – № 8(12). – С. 154-156.

[7] Tinmaz H. A systematic review on digital literacy //Smart Learning Environments. – 2022. – Vol. 9(1). – P. 1-18.

[8] Loewus L. What is digital literacy? Digital Literacy: An Evolving Definition //Education Week. – Access mode: <https://www.edweek.org/teaching-learning/what-is-digital-literacy/2016/11>. [Date of access: 12.04.2023].

- [9] Ясвин В.А. Образовательная среда: от моделирования к проектированию. – М., 2001. – 365 с.
- [10] Шилова О.Н. Цифровая образовательная среда: педагогический взгляд. //Человек и образование. – 2020. – №2(63). – С. 36-41.

REFERENCES

- [1] Baktybekkyzy, A., Mukanova, M.S. & Yerzhanova, T. Formation of digital literacy of the pupils at a basic school. Current scientific research in the modern world. – 2021. – № 2-5(70). – S. 7-14
- [2] Bastyaysh bilim berýdiń memlekettik bilim berý standarty (State educational standard of primary general education). – Kirw rejimi: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800017669> [Qaralǵan kúni: 12.04.2023] [in Rus.].
- [3] Martin A., Grudziecki J. DigEuLit: Concepts and tools for digital literacy development /Innovation in Teaching and Learning in Information and Computer Sciences. – 2006. – Vol. 5, No. 4. – P. 249–267.
- [4] Elcova, O.V. Soderzhanie i urovni razvitiya cifrovoj gramotnosti u mladshih shkol'nikov (The content and levels of development of digital literacy in primary school children) //Sovremennye problemy nauki i obrazovaniya nd education – 2020. – №5. – S. 42-49 [in Rus].
- [5] Soldatova, G.U. Cifrovaya gramotnost' i bezopasnost' v Internete (Digital literacy and Internet security) // М., 2013. – 311 s. [in Rus].
- [6] Toleubekova, R.K. Cifrovaya gramotnost' v usloviyah razvitiya cifrovyyh tekhnologii (Digital literacy in the context of the development of digital technologies) Nauka i mir – Science and World. –2013. № 8(12), S. 154-156 [in Rus].
- [7] Tinmaz, H. A systematic review on digital literacy. Smart Learning Environments. – 2022. – Vol. 9(1). – P. 1-18.
- [8] Loewus, L. What is digital literacy? Digital Literacy: An Evolving Definition. Education Week. – Access mode: <https://www.edweek.org/teaching-learning/what-is-digital-literacy/2016/11>. [Date of access: 12.04.2023].
- [9] Yasvin, V.A. Obrazovatel'naya sreda: ot modelirovaniya k proektirovaniyu (Educational environment: from modeling to design) М., 2001. – 365 s. [in Rus].
- [10] Shilova, O.N. Cifrovaya obrazovatel'naya sreda: pedagogicheskij vzglyad (Digital educational environment: pedagogical view) Chelovek i obrazovanie. – 2020. – №2(63). – S. 36-41 [in Rus].

ФОРМИРОВАНИЕ ЦИФРОВОЙ ГРАМОТНОСТИ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ

Абильдина С.К.¹, *Копбалина К.Б.², Южел Гелишли³

¹д.п.н., профессор, Карагандинский университет имени Е.А.Букетова,
Караганда, Казахстан
e-mail: salta-7069@mail.ru

*²магистр, преподаватель, Карагандинский университет имени
Е.А.Букетова,
Караганда, Казахстан
e-mail: kamshat_77_77@mail.ru

³PhD, профессор, Университет Гази,
Анкара, Турция
e-mail: ygelisli@gmail.com

Аннотация. Актуальность исследуемой в статье проблемы обусловлена влиянием на систему образования цифровизации. Важность и необходимость формирования цифровой грамотности учащихся младшего школьного возраста неоспоримы, поскольку это требование современности, а также является важным фактором социализации личности в цифровом обществе, позволяющим успешно преподавать в современной образовательной среде. В статье авторы обращают внимание на важность формирования цифровой грамотности младших школьников в условиях цифровой образовательной среды. Раскрывается сущность понятий «цифровая грамотность», «цифровая образовательная среда» на основе анализа исследований казахстанских и зарубежных ученых. Проанализированы результаты опроса младших школьников, учителей с целью выяснения степени самостоятельности обучающихся при использовании цифровой образовательной среды, безопасности, целевого назначения применения цифровых технологий и других аспектов. Выделены ключевые навыки в структуре цифровой грамотности: навыки понимания и использования информации, навыки оценки информации, систематизации цифровых источников, цифровая навигация, навыки создания информации, навыки цифровой безопасности. В качестве компонентов цифровой образовательной среды авторами определены цифровые технологии, цифровые образовательные ресурсы, общение, педагогические технологии. Выявлены возможности образовательной среды в формировании цифровой грамотности младших школьников: смысловые (понимание цели применения цифровых технологий, норм безопасности); предметно-материальные (обеспечение условий цифровой среды), социальные (сообщества, общение); технологические (методы формирования цифровой грамотности младших школьников с помощью цифровых технологий и ресурсов). В статье дается обзор источников в области формирования цифровой грамотности с использованием научных методов, проводится анкетирование, анализ результатов исследований и выводы.

Ключевые слова: цифровизация, младшие школьники, образовательная среда, цифровая грамотность, информационно-компьютерная грамотность, цифровая образовательная среда, цифровые технологии, цифровые образовательные ресурсы

FORMATION OF DIGITAL LITERACY OF PRIMARY SCHOOL CHILDREN

Abildina S.K.¹, *Kopbalina K.B.², Yuzhel Gelishli³

¹d.p.s., professor, E.A.Buketov Karaganda University,

Karaganda, Kazakhstan

e-mail: salta-7069@mail.ru

*²master, teacher, E.A.Buketov Karaganda University, Karaganda,

Kazakhstan

e-mail: kamshat_77_77@mail.ru

³PhD, professor, Gazi University, Ankara, Turkey

e-mail: ygelisli@gmail.com

Abstract. The relevance of the problem investigated in the article is due to the influence of digitalization on the education system. The importance and necessity of the formation of digital literacy of primary school-age students are indisputable, since this is a requirement of modernity, and is also an important factor in the socialization of the individual in a digital society, which makes it possible to successfully teach in a modern educational environment. In the article, the authors draw attention to the importance of the formation of digital literacy of younger schoolchildren in a digital educational environment. The essence of the concepts of "digital literacy", "digital educational environment" is revealed based on the analysis of research by Kazakhstani and foreign scientists. The results of a survey of primary school students and teachers

are analyzed in order to determine the degree of independence of students when using the digital educational environment, security, the purpose of the use of digital technologies and other aspects. The key skills in the structure of digital literacy are highlighted: the skills of understanding and using information, the skills of evaluating information, systematization of digital sources, digital navigation, information creation skills, digital security skills. The authors define digital technologies, digital educational resources, communication, and pedagogical technologies as components of the digital educational environment. The possibilities of the educational environment in the formation of digital literacy of younger schoolchildren are revealed: semantic (understanding the purpose of using digital technologies, safety standards); substantive (ensuring the conditions of the digital environment), social (communities, communication); technological (methods of forming digital literacy of younger schoolchildren with the power of digital technologies and resources). The article provides an overview of sources in the field of digital literacy formation using scientific methods, conducts questionnaires, analyzes research results and conclusions.

Keywords: digitalization, primary school students, educational environment, digital literacy, information and computer literacy, digital educational environment, digital technologies, digital educational resources

Статья поступила 06.08.2023